

● ПРЕЗИДЕНТ

СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРЕР КЕЗ ЖЕТТІ



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Катар мемлекетіне ресми сапары аясында осы елдің іскер және қаржы тобы өкілдерімен кездесті.

– Катар тек қана өзінің өңірінде ғана емес, сонымен бірге халықаралық аренада да маңызды ойыншы саналады және оның әлемдегі беделі жылдан жылға артып келеді.

Біз оны қолдаймыз. Катар жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие және Үкімет мұнай-газ өнеркәсібін дамыта отырып, экономиканы әртараптандыруды жүргізу үстінде. Біз де қазіргі уақытта сонымен айналысудамыз, - деді ҚР Президенті кездесу барысында.

Мемлекет басшысы Қазақстан да Катар сияқты табиғи

ресурстардың, мұнай мен газдың мол қорына ие екендігін атап өтті. Сондай-ақ, табиғи ресурстарға тәуелділіктен арылу үшін еліміз индустриялық-инновациялық дамуға бағытталған әртараптандыру реформаларын қолға алғанын еске салды.

– Қазіргі уақыттағы бағаның құбылмалығы қай елге де оңай тиіп жатқан жоқ. Соған қарамастан біз елді индустрияландырудың екінші бесжылдығын бастадық және өңдеу өнеркәсібін құру үстіндеміз. Осы тұрғыда екі ел табысты тәжірибе алмаса алар еді, - деді Елбасы.

Катар бизнесмендері қауымдастығының төрағасы, «Al-Faisal Holding Co.» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Фейсал бен Касем Әл Тани, Катар бизнесмендері қауымдастығының төң төрағасы, «Ezdan Holding Group» холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Халед бен Тани Әл Тани, сондай-ақ «Um Haish International», «Medicare Group-Ahli Hospital», «Al Rayan Bank», «Qatar International Islamic Bank», «Qatar National Bank», «Qatar Solar Energy», «Qinvest Bank» сияқты ірі компаниялар мен банкітердің басшылары қатысқан кездесуде Елбасы екі ел қарым-қатынасының қарқынды жағын да айтып өтті.

– Қазіргі уақытта мемлекетаралық қарым-қатынасымызда біз бар мүмкіншілікті толық пайдаланып отырған жоқпыз. Тауар айналымы өте төмен, - деді Елбасы.

Қазақстан Президенті мұндай жайттың орын алуына түрткі болып отырған негізгі себептерді де атап, екі елдің бір-бірінен географиялық алшақ орналасқанын, логистика дұрыс қолға қойылмағанын жеткізді. Осы ретте Мемлекет басшысы өткен жылы аяқталған Қазақстаннан Иранның Парсы шығанағындағы портқа дейінгі темір жол екі елдің сауда-саттығына серпін бере алатындығын баса айтты.

– Катар мен Иран арасында дұрыс қарым-қатынас болған кезде бұл жол біздеге сауда-саттық пен байланыстарымызды жақсарту түсуге көмектеседі деп ойлаймыз. Қазақстан Орталық Азияда зор экономикалық әлеуетке, мүмкіншіліктерге және үлкен территорияға ие. Біз ұзақмерзімді негізде серіктестікке дайынбыз, - деді Елбасы.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Өткен аптаның сенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жылу беру бойынша құрылған комиссияның отырысы өтті. Комиссия мүшелері мен басқарма басшылары қатысқан жиында жылу маусымының жай-жапсары талқыланды.

15-қазаннан бастап аймақтың барлық әлеуметтік нысандары мен тұрғын үйлеріне жылу беріледі. Қыстан қиындықсыз шығу үшін 3 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, жылу жүйелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Жалпы, өңірде 1041 әлеуметтік нысан болса, оның 621-і көпқабатты тұрғын үй. Барлығын үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін 1 млрд 770 млн теңгеге көгілдір отын мен мазут қоры жасақталды.

– Қызылорда жылу-электр орталығы мен Оңтүстік жылу орталығының тозығы жеткен құбырларына, бу қазандықтарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жылда жылу беру маусымы 1-қазаннан басталатын, биыл Қарағанды зауытынан жана құбырлардың кешіктіріліп жеткізілуіне байланысты кейбір нысандарда жылу кеш қосылуда. Екі күн мерзімінде 100 пайыз барлығын жылумен қамтамасыз ететін боламыз. Министрлікпен тиісті келіссөздер жүргізілді. Сондықтан жылу беру маусымында қиындықтар болмайды, - деді мәжілісті алғаш болып сөз алған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ержан Әбдіхалықов.

Сонымен бірге басқосуда қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс орталығындағы жылу беру маусымының барысы жөнінде айтты. Оның айтуынша, алғашқы жылу беру сәтінде қалада 14 көпқабатты үй жылуға қосылуға дайын болмаған. Қазір олардың тоғыз жылуға қосылды. Қалған бес үйге де

бір-екі күнде жылу беріледі деп күтілуде. Ол үшін тиісті жұмыстар жасалуда. Осы орайда қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған үйлерде туындар отырған мәселе тұрғындардың жауапсыздығынан болып отырған жағдай екенін айтты.

– Өкіре мен пәтерлердің құбырларын тұрғындар өздері жөндеп, ауыстыруы тиіс. Бірақ біз жылда шамамен 130-ға жуық өкірені туындар отырған мәселе тұрғындардың жауапсыздығынан болып отырған жағдай екенін айтты.

– Өкіре мен пәтерлердің құбырларын тұрғындар өздері жөндеп, ауыстыруы тиіс. Бірақ біз жылда шамамен 130-ға жуық өкірені туындар отырған мәселе тұрғындардың жауапсыздығынан болып отырған жағдай екенін айтты.

Айта кету керек, республикада облыстың инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға аймақтар арасында ең көп қаржы алып отырған Қызылорда облысы екен. Осы орайда аймақ басшысы жылу беру маусымы кезінде күнделікті мониторинг жасап, жауапты басшылардың бақылауында болуын тапсырды.

– Биылдың өзінде қыруар қаржы бөлініп, облыс орталығындағы 22 шақырым жылу құбырлары жөндеуден өткізілді. Барлық көпқабатты үйлердегі жылу жүйелері жанартылды. Жасалған жұмыстарға тұрғындар да ұқыптылықпен қарауы тиіс. Өйткені ұрлық фактілері жиілеп, соның салдарынан жылу ала алмай отырған үйлер де бар. Сондықтан қоғамдық бақылауды күшейту керек, - деді облыс әкімі.

Комиссия отырысында аудан басшылары селекторлық байланыс арқылы аудандардағы жылу беру маусымының жайынан хабарлар айтп және барлық басқарма басшыларының есебі тыңдалды. Мәжілісті қорытындылаған аймақ басшысы ЖЖ беру маусымы кезінде ешқандай қиындықтар туындамауын қамтамасыз етуді тапсырды.

● ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

20 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Биыл ҚР Азаматтық қорғау органдарына 20 жыл толды. Осы орайда аймақта түрлі іс-шаралар жоғары деңгейде аталып өтті.

Атап айтар болсақ, кәсіби мереке төтенше жағдайлар саласы ардагерлерімен кездесу, төтенше жағдайларда қаза болған құтқарушылардың ескерткіштеріне гүл шоқтары қоюмен басталды. Сонымен қатар облыстағы құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында түрлі спорттық жарыстар, қызметкерлердің балалары арасында сурет салу, олең оқу сайыстары және Қызылорда қаласының орталық алаңында қала халқы мен қонақтары үшін қазіргі заманауи құтқару құрал-жабдықтары мен техникаларының көрсетілімі ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Құтқарушылар күні мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов ашып, құтқарушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мұнан кейін төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Омар Бержанов, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Айдын Қайырұллаев, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Мақсұт Басқеев, сала ардагері Қорғанбек Қайырұллаев өз тілектерін арнады.

Бұдан соң төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, Омар Бержанов сала қызметкерлерін мақтау қағаздарымен және алғыс хаттармен марапаттады.

Салтанатты жиын барысында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мемлекеттік жүйесін дамытуға және

нығайтуға белсене қатысқан, Қазақстан Республикасында өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде табыстарға қол жеткізген құтқару бөлімшелерінің 25-тен аса қызметкері марапатқа ие болды.

Кәсіби мереке қарсаңында өткізілген әр түрлі жарыстарға қатысқандар да назардан тыс қалған жоқ. Сайыстар жеңімпаздарына дипломдар, кубоктар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Мерекелік шара аясында Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті мен «ЖЖ органдары ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен облысымыздағы төтенше жағдайлар жүйесінің ардагерлеріне мерекелік дастархан жайылды.

Шара соңы Қызылорда облысы ТЖД-ның «Сыр лебі» фольклорлық ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты.

● БРИФИНГ

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ: 4 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты кадам жоспарының геология саласына қатысты қадамдары, оларды жүзеге асыруда атқарылып жатқан жұмыстар тұрасында аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының басшысы Шахизат Қалбергенов «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте баяндалды.

– 100 нақты кадамның 74-қадамы пайдалы қазбалар қоры жөнінде есеп берудің CRIRSCO халықаралық стандарттар жүйесін енгізу арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының ашықтығы мен болжамдығын арттыруға арналады. Осы мақсатта геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен Ресей, Канада елдерінің өкілдерімен кездесу өтті. Тараптар аталған халықаралық стандартына сүйене отырып және оны басшылыққа ала отырып, қорды қандай шарттар мен принциптер бойынша бағалайтыны туралы талқылап, тараптардың ғылыми мүмкіндіктерін бірге дамытуға, геологтардың біліктілігін геолог-сарапшылар тәуелсіз бірлестігін құру арқылы арттыруға келісті. Сонымен бірге, біздің еліміздің қорлары бойынша геологиялық септілікті жүргізу үшін өзара ынтымақтастық туралы шешім қабылданды, - деді инспекция басшысы.

Сондай-ақ, ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңы мен жер

● БАСПАСӨЗ – 2016

СЫРДЫҢ СЫРЛЫ ШЕЖІРЕСІ

Елбасы Жолдауларының қайсысын алып қарасаңыз да, бүкіл елді, өз мемлекетімізді құрайтын әрбір отбасын қамтитын бағыт-бағдарларды көрсетіп, айқын да нақты тапсырмалар беретіні баршамызға аян. «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында басты мақсат болашақта мықты мемлекет, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру екендігі айтылды. Жуырда ғана Президентіміздің Сыр өңіріне сапары кезінде мұнда өз тапсырмаларының тиянақты орындалып жатқанын атап көрсетіп, халқымызға ізгі тілегін арнады. Адамды рухтандыратын жақсы хабарларды барлық басшыларда жайыла жазғанымен, аймағымыздың аға газеті – «Сыр бойының» орны ерекше. Сүйікті газетіміздің жуырдағы нөмірінен газет тілшісі Ы.Тұрлығұловтың атап отырған доллардың қыспағынан құтылу жолдарын жазған мақаласын оқи отырып, автордың сараптауынан өзіміз ой түйдім. Нарықтық қатынастың заңдылықтарында тауар-ақша қатынасы жағдайға байланысты өзгеріп отыратындықтан әрбір өнім шығарушы мекеме, немесе ұжым экономиканың мәнісін тереңірек мәнестеуі керек. Өз өнімін арзанға өндірумен қатар оның сұранысына ие болу осы жауапкершіліктің басты тетігі екен. Яғни, газет келешектің қамын жеу әркімнің міндеті екендігін еске салады. Бұл оқырман үшін, әрине, пайдалы кеңес.

Елбасы Жолдауында қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басты мақсатқа ілгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуға тиіс деп көрсетілген. Осы қарапайым қағиданы жеткізуде облыстық «Сыр бойы» газетінің өзіндік ұстанымы бар, сондықтан да өз ұжымдағы әріптестерімен ел азаматтарының сүйікті газетімізге бірге боларына сенімдімін.

Айтқұл ӘБДІҚАДЫРОВА, Шиеді аудандық мәслихатының депутаты, кәсіпкер.

Дала даналығы

Абай – 170

ЖҮЗЕТКЕ ЖАННАТ БОЛМАРА

Жүзетке қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім тұртып?
Аңғала соңы қоймаса,
Қайуаша жүріп сүйемінес.
Аңғаса ақыл қайратпай,
Мерекке бармаса, үстертпей.
Қарайынның ойы шар тартқан
Өзгені жекін сүйсіңдейтпей.
Мек сүйсінік бермесе,
Жан шиданас жанн ашын.
Бере берсең бергесе,
Ұлың өтер таласын.
Маңса да бар жан мен тек.
Аңғы, сөзін болмаса.
Міршілейтін несі сөз,
Мерекке бет қоймаса?
Айыңды адам қойған соң,
Қайттың нағдан болайың?
Халқым нағдан болаң соң,
Қайда барын ойлайың?!

ОТАНДЫ ҚОРҒАУДАН АСҚАН БОРЫШ ЖОҚ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен селекторлық режимде аппараттық мәжіліс өтті. Онда жергілікті өзін-өзі басқару және әскерге күзгі шақыруды ұйымдастыру мәселесі қаралды.

Бірінші мәселе бойынша облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Р.Ыскакова баяндама жасады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі негізінде қала және ауылдық округ әкімдеріне ақылы қызметтерден түсетін кірістер мен ерікті жинаулар, айыппұлдар және тағы да басқа түсімдер көзін қарастыру құқығы берілгені белгілі. Қазіргі күнде қала және ауылдық округ әкімдіктері өз алдына дербес есеп шоттар ашты. Оны жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесіп отырып жұмсау құқығын да алды. Алайда көрсеткіш көңіл көншітерілмейтін емес. Шоттарға осы қаржының түсуі әлі де мардымсыз.

Дәлірек айтсақ, облыста 146 ауылдық округте жергілікті қоғамдастық құрылған. Алайда бүгінгі күнге дейін облыс бойынша қолма-қол бақылау шотындағы қаржы – бар болғаны 19 миллион теңге. Яғни, ауыл әкімдерінің жұмысы әлсіз, заңмен белгіленген міндеттерін толық пайдалана алмай отыр.

Баяндамашы Р.Ыскакованың санайағына сенсек, 49 ауылдық округтер бойынша мүлдем түсім жоқ. Мысалы, Арал ауданы бойынша Арал қаласынан тек жараманы орналастырудан түсетін түсімдер 425,2 мың теңгені құрады. Қалған елді мекендер тарапынан жұмыстар жасалмай отыр. Қазалы ауданы бойынша түсімдердің екі түрі (ерікті, мүлкіті жалға алудан) 814,8 мың теңге, Қармақшы ауданы бойынша салықтардың барлық түрінен 2 351,1 мың теңге, Жалағаш ауданы бойынша 424,1 мың теңге, Сырдария ауданы бойынша ерікті және мүлкіті жалға алу-дан түскен түсім 161,3 мың теңге болып отыр. Ал Шиеді ауданы бойынша салықтардың барлық түрінен 2 034,3 мың теңге жиналған. Аудандағы 23 ауылдық округтің алтауында жұмыстар жүргізілмеген. Жанақорған ауданы бойынша салықтардың барлық түрінен 6 777,6 мың теңге, бұл жерде 26 ауылдық округтен 12-де жұмыстар жүргізілмеген. Тек Қызылорда қаласында барлық ауылдық округтерден түсімдердің екі түрі бойынша 6 885,1 мың теңге құралған.

Ал қолма-қол бақылау шоттарына түскен түсім де жөнді игерілмеген. Мәселен, 146 ауылдық округ әкімдігінің 133-де қаржыны жұмсау бойынша жұмыс жасалмаған.

– Бұл жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бойынша ауылдық округ әкімдерінің жұмыс жүргізбегенінің айғағы. Қаржының түсуі де, жұмсалуды да мүлдем сын көтермейді, - деді облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы.

Осы ретте, аймақ басшысы барлық ауылдық округтердің әкімдеріне орын алған кемшіліктерді жою қажеттігін айтты. Сондай-ақ, Қырымбек Елеуұлы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі кезең-кезеңімен жүзеге астынын айта келе, қала және аудан, ауылдық округтердің әкімдеріне бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Осы өзіміз өмір сүріп отырған кезеңіміздің әр күні біріне-бірі ұқсамайды. Қарбалас тіршілік, ақпараттар ағыны, жаңалықтар, жұмыс орнындағы талаптар да өзгеріп, жауапкершілік жүгі ауырлай түскен сыңайлы. Алайда қызықты уақытта тіршілік жасап жатқандығымызға қуаныштымын. Әрине, атқарылып жатқан қыруар істер жамағатқа дер кезінде жетіп, оның жақсысынан үлгі алуы тиіс екендігі де белгілі. Осы орайда облыстық «Сыр бойы» газетінен мол мағлұмат алып тұрамын. Интернет, басқа да БАҚ түрлері көп болғанымен, өзіміздің жас кезімізден сырласымыздай болып кеткен облыстың бас басылымы бізге ерекше жақын. Өзім еңбекке араласқан отыз жылдан астам уақыттан бері аталмыш басылымның әр санын күнделікті оқып, ақпараттарына қанығып отырамын. Онда жалаң сөз ғана емес, адам ой түйетін сараптамалық материалдардың көптеп басылуы расында сүйсінерлік е. Сондай-ақ, танымдық, тәрбиелік тұрғыдағы мақалалардың да орны ерекше екендігі рас.

Дегенде, басылымда өз мамандығын жақсы меңгеріп, ортасына, айналасына абыройлы болған адамдар жөнінде кеңірек жарияланып отырса деген тілегім де бар. Бұл жақсыдан өнеге алу мен қатар еңбек адамының мәртебесінің өсуі, онан әрі құлшына еңбек етуіне серпін берер еді деп ойлаймын.

Сөз соңында айтарым, ауызбірлік пен ынтымақ жаршысы болатын сүйікті газетімізге ұжымымыз толық жазылады.

Сәулбек ИСКАКОВ, Жанақорған аудандық ауруханасының бас дәрігері.

● МӘСЛИХАТ ӨМІРІ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 21-бабына сәйкес Қазалы аудандық мәслихат хатшысы мен депутаттары осы жылғы 5-қазаннан бастап өз сайлаушылары алдында мәслихаттың, оның тұрақты комиссиялары мен өзге органдарының жұмысы, мәслихат шешімдерінің орындалуы және өздерінің сайлауал-

мен ынтымағын, тыныштығын бас-ты назарда ұстаған Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялаған жылдың мерейлі сәттерге толы болғандығын айты. Жыл аясында Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Конституциямыздың 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы үлкен өрлеу үстінде тойланып, ол халқымыздың аяулы тұлғалары Ақтан Акайұлының

ұсыныстардың басым бөлігі ауыл округіндегі әлеуметтік нысандардың жағдайына, тұрмыстық қызмет көрсету саласына, жолдарды жөндеу, ауыл көшелерін жарықтандыру, аяқ су, ауыз су, мал жайылымдық жерлерді шешу мәселелеріне арналды.

Кездесулер барысында Тасарық ауылының тұрғыны Қарлыбай Сағымов ауыл сыртындағы 9 бөгет

ауылдағы бұлақ көзі тазаланса деген ұсынысын жеткізді.

Қоларық ауылдық округінің тұрғыны Ертай Ырысбаев маңдарының су ішетін бұлақ көзі бітеліп қалғандығын, Өркендеу ауылдық округінің тұрғыны Алтынбек Мырзалы ауылдағы мал ұрлығы фактілері ашылмай жатқандығын мәлімдесе, Майдакөл ауылдық округінің тұрғыны Бердібай Сыйқымов ауыл жанындағы «РЗА» акционерлік қоғамының май тарату бекетіне газ құю қондырғысы қойылса деген ұсыныс берді.

Кездесулер барысында әр округтен сайланған мәслихат депутаттарына сайлаушылар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті жауаптары берілді.

Аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаковпен бірге №1 Қ.Рысқұлбеков, №9 қалалық, №10 Сырдария, №11 Сырым батыр, №12 Қ.Пірімов, №14 Қожабақы, №15 Тәуке хан округінен сайланған аудандық мәслихат депутаттары Н.Наурызбаев, Қ.Бижанов, С.Өтегенов, М.Өтеев, Қ.Әлімбаев, Б.Бекбауылов, Б.Ерқосаев өздері сайланған округтерінде болды.

Сайлаушылар сеніміне сергектік танытқан халық қалаулылары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы мен «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» атты ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлестерін қосуды азаматтық борыштары санайды.

Аудандық мәслихат депутаттарының сайлаушылармен кездесулері әрі қарай жалғасуда.

А.ҚАРЖАУБАЕВА.

САЙЛАУШЫЛАР СЕНІМІНЕ СЕРГЕКТІК

ды бағдарламалары мен депутаттық қызметтерінің орындалуы жайлы есеп берді.

Есепті кездесулерін Басықара, Қарашеңгел, Құмжіек, Ғ.Мұратбаев ауыл округтері сайлаушыларымен бастаған аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаков пен депутаттар осы күнге дейін 11 округтің 16 елді мекенінде болып, тиісті заң талабына сәйкес депутаттық өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезіндегі құқықтары мен міндеттерінің, жауапкершіліктерінің қалай жүзеге асып жатқандығы туралы толық ақпарат беріп, сайлаушылардың ұсыныс-пікірлері мен талап-тілектеріне ден қойды.

Кездесулер барысында аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаков биылғы жыл өткен тарихымызды ұлықтап, бүгінгі жеткен жетістіктерді бағамдаған белестер жылы екендігіне тоқталды. Елдің бірлігі мен тұтастығын, татулығы

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезекті сессиясына ауданың агроөнеркәсіп кешенінің жай-күйі және оны дамыту шаралары арқау болды.

Депутаттар корпусы соңғы жылдары өнеркәсіп саласының қарқынды дамуына байланысты аудан экономикасының ауыл шаруашылығы бағыттарын талқылады. Мәселеге байланысты мәслихатпен құрылған жұмысшы топ дайындаған талдамалық материалдар мен аудан әкімдігінің анықтамасы

245 жылдығы мен Бекарыстан би Амаалдықұлының 250 жылдық мерейтойларына ұласқандығын, бұл ұлағатты шаралардың болашақ ұрпақ үшін зор маңызға ие екендігіне сайлаушылардың назарын аударды.

Аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаков өткен жылдың 21 қазаны мен 1 қарашасы аралығында депутаттардың аудандағы 15 сайлау округтеріндегі 27 елді мекендерінде өткен кездесулерде сайлаушылар тарапынан түскен 84 ұсыныс-пікірдің 47-нің толық шешімін тауып, 17-нің жүзеге асырылуы үшін алдағы жылдардың жоспарларына енгізілгендігін, 20-на тиісті занамаа талаптарына сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бақылаудан алынғандығынан хабарлар етті.

Биылғы есепті кездесулер барысында сайлаушылар тарапынан 60 ұсыныс-пікірлер айтылып, олардың орындалуының іс-шарасы жасалды.

Сайлаушылар тарапынан түскен

арқылы ауылды су басу қаупі бар екендігіне алаңдаса, Майлыбас ауылдық округінің тұрғыны Оразбек Алдажаров, Қуаныш Рзаханов электр желілерінің тозуы салдарынан азаматтардың тұрмыстық техникалары жиі жарамсыздыққа ұшырайтындығын жеткізді. Ал балабақша меңгерушісі Шынар Мүберекова балабақша ғимаратының құжаттарын рәсімдеуге және оны күрделі жөндеуден өткізуге қаржы керек екендігінен депутаттарды хабардар етті. Сонымен қатар осы ауылдың тұрғыны Қуаныш Рзаханов халық қалаулыларынан бала жасынан наукас Қ.Ахметовке мүгедектік жәрдемақы, мүгедек Қ.Құлмұратовқа күтуші тағайындалуына ықпал етуді сұрады.

Шәкен ауылдық округінде өткен кездесуде №134 мектептің директоры О.Романов мектептің қатты отыны жеткізілмегендігін айтса, Шили елді мекенінің тұрғыны Қ.Смағұлов

бойынша жүргізілген талдау қорытындысы мен саланың бекем және босаңсұ таралып жатқанын талқылады. Депутаттар саланың дамуы, шикізат тауарлары бағасының құбылуына тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік беріп, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайтынын көрсетті.

Халық қалаулылары экономиканың аграрлық секторын сапалы жаңа даму деңгейіне көтеріп,

оның босаңсуды қабілеттілігін қамтамасыз ету арқылы мемлекеттің демеуіне тәуелділігін неғұрлым азайту мәселесіне ерекше көңіл бөледі ұсынды. Сессияда мақұлданған ұсыныстар, саланы дамытуға бағытталған бағдарламалық құжаттарды әзірлеу кезінде ескеру мақсатында аудан әкімдігіне жолданды.

Жаңақорған аудандық мәслихаты.

● БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

БІТІМГЕ КЕЛГЕННІҢ БЕРЕКЕСІ КІРЕДІ

Облыс соттарының өткен тоғыз айда сот әділдігін жүзеге асыру жұмыстарын саралаған баспасөз конференциясында облыстық сот төрағасы Нұрлан Қайырбеков азаматтық және әкімшілік, сондай-ақ қылмыстық істер қорытындыларын баяндап берді.

Жыл басынан бері аудандық және оған теңестірілген соттар өндірісін 17 мың 542 талап арыз бен 361 іс түскен болса, оның 4865 талап арыз электронды түрде түскен. Облыс бойынша 16 мың 571 іс өндірісі аяқталса, оның он бір мың бес жүз сексен бесіне шешім шығарылған. Сондай-ақ екі мың екі жүз тоғыз іс ұйғарым қабылдау арқылы аяқталып, сот бұйрықтарының саны екі мың төрт жүз сексен жеті істі құраған.

Өндірістен қысқартылған істердің басым бөлігі оны ауыр емес және ауырлығы қатша десек, медиаторлардың ортасымен аяқталған істердің 17,8 пайызы сотталушылардың жөбірленушілермен татуласуына байланысты қысқарған.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа байланысты қаралған қылмыстық істер жөнінде айтар болсақ, аудандық және оған теңестірілген соттарда жиырма алты адамға қатысты жиырма үш іс аяқталып, есірткінің заңсыз айналы-

мына байланысты жүз қырық жеті адамға қатысты іс қаралған.

Жиында төраға қоғамдық пікір туғызған бірнеше іске айрықша тоқталды. Оның алғашқысы – қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының аса ірі мөлшерде есірткі затын сақтапқы болған қырық бес жастағы қос азаматқа қатысты айыптау үкімі. Сотталушылардың біреуі Сырдария өзені жағасындағы қалың жыңғыл арасынан кесірілтілген марихуана салынған полиэтилен пакет тауып алғанын танысына айтады. Сол жерге бірнеше мәрте келіп, есірткіні шегіп жүрген сыбайластар оны сатып, ақша табуға келіседі. Сонымен танысы сатып алушы табылғанын хабарлайды.

Күмән туғызбау үшін «Астанадан келдім» деген сатып алушы шын мәнінде есірткімен күрес жүргізетін жедел топтың мүшесі екенін олар білген жоқ. Ештеңеден бейхабар сотталушылар сатып алушымен кездесіп, затты таразыға тартады. Салмағы 2084 грамм болған марихуанының әр келісін 250 мың теңгеден аламын деген сатып алушы оларға арнайы белгі соғылған 500 мың теңгеге табыс етеді. Қомақты қаржыны қалталарына басқан күдіктілерді құқық қорғаушылар құрқытаған.

Кінәлі деп танылған сотталушы Б. мүлкі тәркіленіп, он жылға

бас бостандығынан айырылса, мүлкі тәркіленген сыбайласы А. он бір жылға арқалаған. Енді олар жазаларын қатаң режимдегі түзеу колониясында өтейтін болады.

Мына қылмыстық іс кезінде қызылордалықтарды дүр сілкіндіргенін ұмыта қоймаған болар. Нақтысына ой жіберсек, сотталушы нағашысына үйіне баратынын айтып хабарласқанда, келмей-ақ қой деген жауап алады. Араққа сылжия тойып, шегіп алған аллыс жастағы жиен болмашы сөзді жасап етіп, онда аншы мылтығын ала барған. Содан нағашысын сыртқа шақырып алып, араларында жанжал туындайды. Оларды жөбірленушінің жұбайы мен баласы ажыратып, дарбазаның есігін ішінен іліп алады. Бұған аулауланған қылмыскер көлігінің жүк салғышындағы оқтаулы мылтығымен дарбазаның сыртқа жаңал отады. Суық қараудан атылған тажал оғынан сол мезгілде аула ішінде жүрген нағашысының жүкті келіні мен құшағындағы сәбіні қаңға бөледі.

Сот үкімімен кінәлі деп танылған сотталушы Ж. мүлкі тәркіленіп, 20 жылға бас бостандығынан айырылды. Алты асуды алқымдаған азамат жазасын қатаң режимдегі түзеу колониясында өтеуге кесілді.

Қалған қос қылмыстық істің айыпкерлері бұрынғы полиция қызметкерлері екен.

Қызылорда қалалық №2 сотының үкімімен Қылмыстық кодекстің 345-және 347-баптарымен айыпталған полиция капитаны Д. масаң күйде көлік басқарып, адам өліміне әкеп соқтырған әрі оқиға орнынан кетіп қалған.

Сотталушы Д. төрт жылға бас бостандығынан және осыныша мерзімге көлік жүргізу құқынан, сондай-ақ шенінен айырылып, жазасын колония-қоныста өтеуге кесілген.

Аталған сотта Қылмыстық кодекстің 146-бабымен кінәлі деп танылған бұрынғы полиция қызметкерлері Ш., Қ. және Б. уәкілетті лауазым иелері бола тұра, жөбірленуші Д.-ға жасамаған ұрлық қылмысын мойындауға мәжбүрлеген, қасақана тән зардабын және психикалық зардап шектіріп, қинап, оның заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін елеулі түрде бұзған.

Сот үкімімен үш жылға бас бостандығынан айырылған бұрынғы құқық қорғаушылар жазаларын түзеу колониясының жалпы режимінде өтейтін болса, сондай-ақ сотталушылар мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызмет атқару құқықтарынан да айырылды.

Басқосуда облыстық сот төрағасы Нұрлан Қайырбеков журналистер сауалдарына түшымды жауап берді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САЙЫСЫ

Еліміз егемендігін алғалы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тіліміз – қазақ тілі қанаттан кеңге жайып келеді. Оған Елбасының елімізде жүргізіп отырған тілдік саясаты және осы саясатты аймақта іске асырып жүрген бірден-бір ұйым – облыстық «Қазақ тілі» қоғамының ықпалы ерекше. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелер тарапынан ұйымдастырылып жүрген қазақ тілін насихаттау барысындағы іс-шаралар да өз үлесін қосуда. Осындай бір шараны ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне қарасты медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы қызметкерлері ұйымдастырды. «Туған тілім – тірлігіміңнi айғағы» атты мерекелік кештің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің тілге деген құрмет сезімін көрсету, өз ұлтына және еліне деген сүйіспеншілігін жеткізу. Кешке қазақ тілі мәселесін тұрақты көтеріп жүрген белгілі азаматтар облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы С.Аңсап, денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағы

ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Жуырда облыстық медицина орталығында облыстық ішкі саясат басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен республикалық ақпараттық-насихаттық топ мүшелерінің қатысуымен «Зайырлы қоғам және дін» тақырыбында кездесу болып өтті. Оған денсаулық сақтау саласының мамандары қатысты.

Дін мәселелерін зерттеу орталығы директорының орынбасары Маралбек Мұсаев іс-шара жұмысының өзектілігі ел тұрғындарының дини және құқықтық сауатынын деңгейін көтеруге, зайырлы мемлекеттің мәні мен



БАРШАМЫЗДЫҢ ОРТАҚ ОТАНЫМЫЗ

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толды. Айтулы мерекені еліміздің түкпір-түкпірінде жоғары деңгейде атап өтуде. Қазақ халқы сан ұлтты бір арнаға ұйыстырып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Олардың салт-дәстүрі, мәдениеті және әдет-ғұрпы да бір-бірімен біте қайнасып, бір атанып баласындай татулығы мығым елге айналды.

Осы орайда мерейлі ме-рекеге арнап Қызылорда облысының мемлекеттік мұра-ғаттар мекемесінде «Қазақстан – баршамыздың ортақ Отанымыз» атты тақырыпта көрме болып өтті. Оған Қоғамдық келісім орталығының өкілдері, Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің оқытушылар мен студенттері және мекеме қызметкерлері қатысты.

Көрменің негізгі мақсаты – мұрағат қорында сақталатын ұлттар достығы туралы мәлімет беретін құжаттармен таныстыру, өңірімізде бейбіт-шілік пен татулықта өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің достығын насихаттау, жастарға кенінен дәріптеу, көпұлтты Отанымызды қас-терлеуге және патриоттық сезімдерін қалыптастыру бо-лып табылды. Атамұш көрмені мұрағатшы Аманкүл Қапанова таныстырып, қойыл-ған сұрақтарға жауап берді.

Одан әрі шараны мұра-



ғаттар мекемесінің дирек-торы Н. Қуанышбаева ашып, өткізіліп отырған көрменің маңыздылығына кеңінен тоқталып, Сыр елі достық мекені екенін жеткізе келе мұрағат қорына шолу жа-ды. Сонымен қатар көрмеге аймақтағы ұлттық мәдени орталықтардың құрылуы ту-ралы, татар ұлттық мәдени орталығының алғашқы жетек-шісі Н. Ахмадиеваның, Илья

Ильиннің, Юрий Солома-тиннің, Саид Баязитовтың құжаттары және ұлттық-мәдени орталықтардың ат-қарған жұмыстары туралы мәлімет беретін 55 құжат пен суреттер қойылды.

Көрмеге жиналған жас-тар өздеріне қажетті мағлұ-маттарды ала отырып, ұлттық-мәдени орталықтардың тари-хымен танысты.

САДАЙБАЕВА.

ЖАС ҒАЛЫМДАР БАЙҚАУЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай №264 мектеп-лицейінде жас ғалымдар арасында «Этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі» атты ғылыми жұмыс байқауы болып өтті. Байқауды Қазақстан халқы облыстық Ас-самблеясы хатшылығы мен «Қоғамдық



Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУДАН АСҚАН БОРЫШ ЖОҚ

Мәжілісте қаралған екінші мәселе күзгі әскерге шақыруды ұйымдастыру мен Отан

алдындағы борышын өтеуден жалтарып жүргендердің жайы болды. Жұмылдары жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығының басшысы С.Сермағамбетовтің ба-сындауына, биылғы жылы об-лыс бойынша әскери есепте 52 409 азамат есепте тұрса, оның ішінде 28 693-і шақыруға жат-пайтындыр, әскери қызметке шақыруға жататындары 23 716 азаматты құрайды. Биылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке облыс бойынша 4 641 азамат шақырылып, оның ішінде 701 азамат Қазақстан Республикасының әскери күштері қатарына жөнелтілді.

Ал күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталғалы бері

әскер қатарына 120 азамат алын-ды. Бұл жұмыс әлі жалғасуда.

– Бүгінде 600-дей азамат әскерге барудан қашып жүр. Әскерден жалтарғандардың ең жоғары көрсеткіші Қазалы мен Қармақшы аудандарында. Нақты айтсақ, 224 қазалылық пен 109 қармақшылық Отан алдындағы парызын өтегісі келмейді. Әскерден жалтарындар-шы азаматтардың аты-жөні бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануы керек. Тенсе темір үзетін, бірақ әскери бору-шын өтеуден жалтаратындар-мен күресті қатаң жүргіземіз, – деді аймақ басшысы. Осы рет-те облыс әкімі бірқатар тиісті құзырлы орындардың басшы-ларына тапсырмалар берді. Ал қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары Дәулетқали Нұржониге әскерге шақыруды

жүйелі ұйымдастыру және осы бағыттағы жұмыстарды жан-дандыру керектігін айтып, қатаң ескерту жасады.

Сонымен қатар, облыс әкімі әскерге шақырушылардың денсаулығын тексеретін аудандық медициналық комиссияның жұмысын сынга алды. Себебі, бүгінгі күнге дейін облыстық жиын пунктнің медициналық комиссиясы-нан денсаулығын жарамсыз бо-лып 6 азамат кері қайтарылған. Ал оларды аудан «жарам-ды» деп жіберген. Осыған орай облыс әкімі облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшылығына медициналық комиссия құрамындағы дәрігерлердің жауапкершілігі мен біліктілігі мәселесін қайта қарауды жүктеді.

Дәурен ОМАРОВ.

80 ӘННІҢ БАСЫН ҚОСҚАН СЕРІ АҚЫН

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханада Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген өнер қайраткері Нартай Бекежановтың туғанына – 125 жыл толуына орай «Сері ақын, 80 әннің басын қосқан» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кешке журналист К.Есімсөңгізов, Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің студенттері, Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театрдың әртісі Бақытбек Темірбеков, зейнеткерлер мен мүгедектер әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының төрағасы Жазылбек Төребаев, №171 мектеп оқушылары, кітапхана қызметкерлері қатысты.

Шараны кітапхана директоры Р.Алдонғарова ашып, Нартай Бекежановтың өмірі мен творче-ствосы, өзіне тән қайталанбас өрнек дәстүрімен ерекшеленетін әншілігі, дүлдүл өнерпаздығы жайында айтты. Д.Оспанова «Ән еркесі» атты кітап көрмесімен таныстырды. Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің музыкалық білім және дәстүрлі музыка мен өнер кафедрасының студенттері Мұхаммедали Бекпейісов, Мейіржан Махамбетжа-нов, Темірбай Нұрболат ақынның әндерінен шашу шашты.

Н.Бекежанов атындағы музыкалық дра-ма театрдың әртісі Бақытбек Темірбеков Нартай Бекежановтың образын сомдады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ТӘРБИЕГЕ КӨНІЛ БӨЛЕЙІК

Адамзат дамуының барлық кезеңінде ұлт бола-шағы – ұрпақ тәрбиесі – ең өзекті мәселе. Өйткені ертеңін ойламаған мемлекет қашан да оры толмас өкініштерге душар болып отырады. Бала өз өміріне қажетті тәрбиені алдымен отбасынан, содан кейін ғана мектептен алады. Әр баланың тәрбиесіне ұлттық рух пен патриоттық сезімді дарыту – біздің қолымызда.

Мен – ұстазым, зерттеуші, жас ұрпақты келешек-ке жетелеп апаратын – тәрбиешімін. Орыстың ұлы пе-дагогы С. Ушинскийдің «Тәлім-тәрбие дәрменсіз бол-мауы үшін, ол халықтық болуы тиіс» дегені белгілі. Тәрбие тамыры халық қазынасында, соның қадір қасиеті мен білім болмысында. Халық ізгілікке, жақсылыққа, елін, тілін сүюге барлық азаматтық тәрбиеге тірек болатын ең құнды қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді көздейді.

Иманды адам айналасындағы кісілерге ізет көрсетіп, жақсы ойлауға, қамқорлық жасауға дай-ын тұрады. Иманы кәміл адам мейірімді болады. Мейірімділік – адам бойындағы қасиетті сезім. Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі – ұлағатты ұғым. Тәрбиенің осы бір салалы күрделі мәселелеріне терең бойлауға, өміріміздегі күнделікті дағдылар арқылы бала жүрегіне жол тартатын алғашқы білім ордасы – мектеп.

Зала ҚОШЕШОВА,
№160 орта мектебі
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Жаңақорған ауданы.

Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

